Ақтөбе облысы
Қобда ауданы
«Қобда аудандық білім бөлімі» ММ

БҰЙРЫҚ

Актюбинская область
Кобдинский район
ГУ«Кобдинский районный отдел образования»

ПРИКАЗ

2017 жылғы 12 қаңтар
Қобда ауылы

№13

2017 года 12 января
с.Кобда

Бөбекжайды мектепке орналастыру туралы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Қобда аудандық білім бөлімі» ММ-нің Бегалы ауылы МКҚК «Айгөлек» бөбекжай» Қобда аудандық білім бөлімі» ММ Бегалы негізгі мектебінің ғимаратына көшіріліп, 16 қаңтардан бастап қызметін жалғастырылсын.

2.Бегалы ауылы «Айгөлек» бөбекжайдың баласында тұрған ескі ғимаратты күзетуді ұйымдастыру бөбекжай директорына міндеттелсін.

3. Бегалы НМ-нің директоры Н.Бихановаға:

3.1 Бөбекжайдың мектеп ішінде орналасуына жағдай жасалсын.

4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау бөлімінің әдіскері А.Кусмағамбетоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы: **Н.Айжарықов**

Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың

/ақысыз жалға берудің/

№ 1 шартын

Бегалы ауылы **2023 ж. қаңтар**

Бұдан әрі «жалға беруші» деп аталатын « Бегалы негізгі мектебі» ММ – нің аудан әкімдігінің 2012 жылғы 23ақпандағы № 32 қаулысымен бекітілген « Қобда аудандық қаржы бөлімі» ММ – нің Ережесінің негізінде « Жалдаушы» деп аталатын бекітілген « Қобда аудандық білім бөлімі» ММ –нің « Айгөлек» бөбекжайы МКҚК – ның директоры: Ж.Т. Уепова арқылы екінші тараптан, білсеріп « тараптар» деп аталатындар, төмендегі туралы осы шартты жасасты.

1. Шарттың нысанасы

1. Бұдан әрі « баланс ұстаушы» деп аталатын Қазақстан Республикасы 2011жылғы 28 қыркүйектегі №1102 қаулысының негізінде Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бегалы ауылы, Абай №1 мекен – жайда орналасқан « Бегалы негізгі мектебі» ММ-нің ғимаратындағы жалпы көлемі 307 шаршы метр жайды ақысыз пайдалану үшін, 2017 жылдың қаңтар айының 16 жұлдызынан бастап обьектіні жалға беруші мүліктілік жалға / жалдауға / береді, ал жалдаушы қабылдап алады.

2. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, шарттың мерзімін ұзартуды қоспағанда, аталған шарттың әрекет етуі тоқтатылады. Шарттың әрекет ету мерзімін ұзарту, егер баланс ұстаушы белгіленген шарттың мерзімі өткенге дейін жалға берушіге шарттың әрекет ету мерзімін ұзартудан жазбаша бас тартуды ұсынбаса, жалға берушінің шешімі/ бұйрығы/ негізінде негізгі шартқа қосымша келісім жасасу жолымен жүзеге асырылады.

2. Жалпы шарттар

3. Обьектіні жалдауға қабылдап алу – беру жалдаушының, баланс ұстаушының өкілдері қол қоятын және жалға беруші бекітетін қабылдап алу беру актісі бойынша / беру сәтінде обьектінің іс жүзіндегі жай – күйін көрсете отырып/ жүзеге асырылады және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Жалдаушы өрт пен электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты. Жалға алушы отырған үй жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ осы тармақта көзделген шарттарын тиісті түрде орындалмауының салдарына толық жауап береді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

5. Жалға берушінің

1. Баланс ұстаушымен келісім бойынша обьектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалға беруге жалдаушыға жазбаша рұқсат беруге;

2. Тараптарлың келісімі бойынша шартты ұзартуға, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;

3. Обьектінің мақсаты пайдалануын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

6. Жалдаушының:

1. Баланс ұстаушының жазбаша келісімімен обьектіні , онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалдауға беруге рұқсат үшін жалға берушіге өтініш жасауға;

2. Жалға берушіге шарттың мерзімін ұзарту, өзгерістер мен толықтырулар енгізі немесе бұзу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

7. Жалға беруші:

1. Шарттың жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен астам емес мерзімінде қабылдап алу – беру актісі бойынша жалдаушыға баланс ұстаушының обьектіні беруін қамтамасыз етуге және оны бекітуге;

2. Шартпен белгіленген тәртіпте жалдаушының обьектіні иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

3. Бөбекжай ішіне уақытылы дезенфекция жұмыстарын жүргізуге;

4. Коммуналдық қызмет / электр жарығын, су, отын – жылуы/ ақысыз пайдалуға беруге;

8. Жалдаушы:

1. Қабылданған обьектіні шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;

2. Обьектіні тиісінше тәртіпте ұстауға, обьектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;

4. Шартты мерзімінен бұрын бұзу шарттары:

1. Жалдаушы шартты бұзғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бұл туралы жалға берушіні жазбаша ескерте отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

2. Жалға берушінің талабы бойынша мүліктік жалға\жалдауға\ беру шартты бұзылуы мүмкін және обьект жалға берушіге мынадай:

1.Егер жалға берушінің жасаған жазбаша ескертуіне қарамастан, жалдаушы обьектіні шарттың талаптарын немесе обьектінің мақсатын елеулі бұза отырып пайдаланған;

2.Егер жалдаушы шарт бойынша шарт берілген обьектіні нысаналы мақсаты бойынша пайдаланған;

3.Егер жалдаушы қасақана немесе байқаусызда обьектіні елеулі нашарлатқан;

4.Егер жалдаушы шарттың мерзімдеріне берілген мерзімде, ал олар шартта болмаған кезде,Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе шарттқа сәйкес күрделі жөндеу міндеттемесі жалдаушыға жүктелген жағдайларда ақылға қонымды мерзімдерде обьектіге күрделі жөндеу жүргізбеген Жалға беруші жалдаушыға өз міндеттемелерін ақылға қонымды мерзімде орындау мүмкіндігін бергеннен кейін ғана шартты мерзімнен бұрын талап етуге құқылы;

5.Жалдаушыға басқа обьектіні оның жазбаша келісімімен кейін берген;

6.Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган обьектіні алып қою туралы шешім қабылданған;

7.Жалға берушінің атына баланс ұстаушы жазбаша өтініш жазған жағдайларда қайтарылады;

5. Шарт жалдаушының талабы бойынша мерзімінен бұрын мынадай:

1. Баланс ұстаушы шарттың талаптарына немесе обьектінің мәніне сәйкес жалдаушының пайдалануына обьектіні бермеген не обьектіні пайдалануға кедергі жасаған;

2. Обьектінің баланс ұстаушысы шартпен белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған жағдайда – ақылға қонымды мерзімдерде оған салынған обьектіні күрделі жөндеу міндеттемелерін орындамаған;

3.Мүлікті дұрыс жағдайда ұстауға, өз есебінен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге және мүлікті ұстау бойынша шығыстарды көтеруге, сондай-ақ тараптармен келісілген мерзімдерде күрделі жөндеуге;

4.Жалдаушының кінәсінен және табиғи тозуға байланысты обьектінің жекеленген элементтері қалыптан шыққан жағдайда, өз қаражатты есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

5.Жалға берушінің алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз обьектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруды немесе қайта жабдықтауға жүзеге асырмауға;

6.Обьектіге және обьект орналасқан жер учаскесіне жалдаушының санитарлық қадағалау қызметі және Қазақстан Республикасы заңнамасының және обьектіні пайдалану мен қолдану тәртібіне қатысты өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгіленген мерзіммдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға;

7.Шарт бойынша өз құқықтарын бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салмауға;

8.Жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын обьектіні жалдауды ұзарту ниеті туралы жазбаша өтініш беруге, мұндай өтініштің болмауы жалға берушінің обьектіні басқа заңды немесе жеке тұлғаларға жалға\ жалдауға\ беруге негіз береді;

9.Шартты бұзған немесе шарттың қолдану мерзімі аяқталған жағдайда жалдаушы мен баланс ұстаушы қолдарын қойған және жалға беруші бекіткен қабылдап алу-беру акті бойынша баланс ұстаушыға он күнтізбелік күн ішінде обьектіні қайтаруды қамтамасыз ету;

10.Жалдаушының кінәсі бойынша обьекті пайдалануға жарамсыз жағдайда келтірілген болса, өз қаражатының есебінен қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға;

11.Обьектіні жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйде\ нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен\ қайтарған жағдайда, шығынды өтуге міндетті.

12.Егер обьекті жалдаушының жауап беруі мүмкін емес жағдаяттар салдарын пайдалануға жарамай қалған жағдайларда бұзылады;

6. Ерекше жағдайлар:

1. Шарт әрбір тарап үшін біреуден бірдей заңдық күші бар мемлекеттік , тілде үш дана жасалады.

2. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың қосымша келісімге қол қою жолымен енгізіледі. Егер оларды осыған уәкілетті тұлғалар жасаған болса шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың күші болады. Барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Егер жалдаушы өз қаражаты есебінен және баланс ұстаушының келісімімен және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның/ жергілікті атқару органдарының/ жазбаша рұқсатымен обьекті үшін зиянсыз ажырамас жақсартулар жүргізген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалдаушы шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсартулардың құнын баланс ұстаушы арқылы өтеуге құқығы бар.

Жалдаушы жүргізген обьектінің ажырамайтын жақсартуларыы оның меншігі болып табылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе жалға беруші мен баланс ұстаушының келісімінсіз жалдаушы жасаған ажырамас жақсартулардың құны өтеуге жатпайды.

7. Дауларды қарау тәртібі:

4. Осы шарттан немесе оған байланысты тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда – сот тәртібімен шешіледі.

8. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері:

Жалға беруші:

«Қобда аудандық білім бөлімі»

« Бегалы негізгі мектебі»

БСН 970840001844

Мектеп директоры:

Ә.С.Қабыл

Жалға алушы:

«Қобда аудандық білім бөлімі»

МКҚК «Айгөлек» бөбекжайы

БСН 070540006554

«Айгөлек» бөбекжайының директоры:

Ж.Т.Утепова